

Тобаяқов, Б.

**Есілден шыққан еңсегей/ Б. Тобаяқов //Орталық
Қазақстан. - 2005. - 31 наурыз.**

Байтаққа барқадарлы бай-бозымдай,
Қанышқа ерген өзі тай-қозымдай.
Ебіней еңсегейлі ерім дерлік,
Алашта арда емген айбозымдай.
Кезінде болды ғалым - сара жайы,
Бүгінде дара мүлік дара байы.
Ебекең - арамыздан көкке өрлеген
Қызылжар қырым өлке қарағайы.
Қазаққа тосын керек,
Өсім керек,
Ғылымда болады ғой кесім бөлек.
Ебекен - солтүстікте жайлап аққан
Жағасы көкшеқұрақ Есіл дер ек...
Өзі де еміренер бала жанды,
Кезінде дүркіреткен аламанды.
Ебекең - бүткіл дүйім ғылымымен
Қатпары мол қыртысты Қарағанды.
Кез болды теллурменнен, селенменнен,
Өнерде мәңгі биік өлеңменнен.
Ебекең - түбінен тас көрінетін,
Бурабай мөлдіріндей терең дер ем.
Қашанда қайралатын қайрақтардай,
Ғылымға келді өзі сайлап, барлай.
Ебекең - замананың дегдарындай,
Өнерде өрен жүйрік сайдақтардай.
Сөйлесе шешен еді самарымдай,
Көздесе көсем еді камалымдай.
Ебекен суат еді таусылмайтын,
Шөлдесең шөлің де бір канарындай.
Бүгінде далам Айдай, калам
Күндей, Туар ма данышпаңдар дара бірдей.
Ебекең - өнер жолы, ғылымдағы
Орыстың дарабозы Бородиндей.
Шет қаға шертілгендей шала күйлер,
Қазірде қаптады ғой бала-билер.
Ебекең - ойыменен, сойыменнен
Байырғы әмбебабым Фарабилер.
Осы күн алуан би, алуан бай,
Заманға кезіктік қой наруандай.
Бір өзі миллион жығар білімімен
Бар ма екен Ебекендей — балуандай.

... Дал бүгін сырмыз балдай,
жыр кызғандай,
Қарақыз далам қандай ұл-қыз қандай.
Ғылымның көгіндегі Тан-Шолпандай
Ебекең жана берер жұлдыздардай!

Buketov university